

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Шежіреге қатысты еңбектер жазған қазақ зиялылары

Мемлекетіміздің қазіргі кездегі тарихи дамуындағы қазақтардың шежіресін зерттеудің маңыздылығы негізделген. XIX–XX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген көрнекті қазақ ағартушыларының барлық Үш жүз (Ордалар) қазақтарының шежіресін құрастыру және негіздеу ғылыми бойынша қазақ үлесі бейнеленген. Олардың қазақ тайпалары мен руларын зерттеу бағытында жазылған аса маңызды еңбегіне шолу жасалған, бұл зерттеудің отандық тарихтың қалыптасуы мен дамуы үшін айрықша өзектілігі көрсетілген. Көрнекті қазақ ғалымдары мен зиялыларының ғылыми еңбектерін талдау мен жүйелеудің болашақта қазақ тарихнамасының дамуы үшін маңыздылығы туралы қорытынды жасалған.

Кілт сөздер: шежіре, ел тарихы, зиялылар, ру-тайпалар, еңбектер, генеалогиялық карта, тарихи ақпарат қоймасы.

Kipicne

Бүгінде не көп — шежіре көп. Ал шежірешілер жауыннан кейінгі қозығұйрықтай қабындап кетті тіпті. Жеті атасын толық білмейтіндердің өзі де шежіре түзуге құмар. Жетпіс жыл бойы тұқым-тұқияны түгіл, туған атасын да ұмытуға айналған жұрттың тәуелсіздікке қолы жеткеннен кейінгі бұндай ынтызарлығы, былайынша, заңды да болар. Өз жұртының өсіп-өрбуін ұрпақтан ұрпаққа ұластырып, кейінгі толқынға жеткізіп тұратын шежіре тарқату салты мәдениетті елдердің бәрінде де бар ғой. «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер, өзін ғана білген ұл, құлағы мен жағын жер» деп халық айтқандай, қазақ жұрты түп тегін білуге ежелден-ақ көп көңіл бөлген емес пе? Деректері жұрт жадында жақсы жатталып қалуы үшін шежірені олар өлеңге айналдырып, жыр түрінде қалдыруының да үлкен мәні бар. Сондықтан сол салт-дәстүрді жаңғыртып, ата-баба шежіресін жасауға атсалысып жатқандарды кінәлау да қиын. Бірақ бір қынжыларлығы, сол жазбалардың исі қазақтың емес, тіпті жеке жүздердің де емес, болмашы рулардың шежіресі болып кетіп жатқаны. Оларды және тарихшылар түзсе бір сәрі ғой, кез келген көлдененді көк атты ата тегін тарқатуға бой ұратын болып алды. Оның үстіне олардың жазғандары ел аузындағы аңыз-әңгімелерге ғана құрылып, ғылыми тұрғыдан сарапталмайтын, бұрын-соңды тарихи еңбектерге сілтеме жасалмайтын болды [1].

Жалпы, қазақ шежіресін алғаш қағазға түсірген орыс оқымыстылары. Әрине, олардың көбі беймарал көшпенді елге жаны ашығандықтан емес, отарлық саясаттың сойылын соғып, отар халықтың тарихын биліктің де білуі үшін жазғанын несін жасырамыз. Сөйте тұра, олардың ел тарихын тереңірек білуге әлі де пайдасы мол екенін мойындауымыз керек. Ал, қазақтың шын шежіресін орта ғасырда жазған Мұхаммед Дулати мен Қадырғали Жалайыридың еңбектері, жазу-сызуы ұзақ уақыт кенже қалып келген жұртқа жетпеді. Сондықтан шежірелердің көбі ауызша айтылып, халыққа ұзынқұлақ арқылы тарады.

Қазақ тарихына, мәдениетіне, оның ішінде шежіреге қатысты еңбектер жазған зиялылар — Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхамеджан Тынышбаев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мұстафа Шоқай.

Ш.Уәлихановтың «Қазақ шежіресі» атты ғылыми мақаласы

XVIII–XIX ғасырларда өлкетану, түркі халықтарының тарихы, этнографиясы мен лингвистикасына байланысты деректерді жинақтау ісі қарқынды болды. Бұл дәуірде этнографиялық мағлұматтарды қолға түсіру мақсатымен даярланған көптеген ғылыми экспедиция мүшелері өз ынталылығын танытты, ғылыми мәнді деген мәліметтерді тіркеп жазды. Нәтижесінде әр түрлі халықтардың әсіресе қазақтардың этнографиясына байланысты ғылыми мұра мол болды. А.Левшин және тағы да басқа белгілі ғалымдар өз еңбектерінде шежіре мәліметтерін қазақтың этноқұрамын қарастыруға ғана қолданған. Халықтың тарихи жады сақтаған тарихи мәліметтер зерттеушілер үшін қызықты, құнды болуына орай олар қазақтың тарихи фольклор деректерін қажетсінді. Бұл туралы

Ә.Марғұлан: «Тарихи шежірелерге патша үкіметі саяси мән беріп, жергілікті орындардан жинатып отырған», — деп көрсетті [2]. Сонымен қатар Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев сияқты ғалымдардың шежіре топтамалары мұрағатта сақталған. Тарихи фольклор деректерін жинаған авторлар ортақ көзқараста болмағанымен, бұл мәліметтерді айналып өте алмаған.

Қашқарияға сапар жасап, көптеген зерттеулер жүргізген Ш.Уәлиханов ортағасырлық деректерді пайдалана отырып, қазақ ру-тайпаларының шежіресін, ежелгі тарихын, жүздерге бөлінуін талдаған. Ол «Қазақ шежіресі» деген шығармасында былай деп жазады: «Қазақтар үш жүзге бөлінеді: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз (орыстар Большая Орда, Средняя Орда, Младшая Орда деп атайды).

Ұлы жүзді төрт негізгі рулар одағы құрайды: дулат, жалайыр, албан, суан; барлығы біртұтас ортақ атаумен өздерін үйсін деп атайды. Үйсіндер ерте кезде осы төрт ру одағы құрамындағы қуатты тайпа болған. Ертедегі үйсіндердің көпшілігі ұйғырлар мен жоңғарлардың ұлыстарына сіңеді де, қалғаны дулат руының құрамында, сары үйсіндер деп аталады.

Орта жүз қазақтарын құрайтын рулар: арғын, қыпшақ, қоңырат, найман; осы жүзге кейініректен келіп қосылған уақ пен керейді — жетіру дейді. Кіші жүз: әлімұлы, байұлы атты екі үлкен бірлестік пен жетірудан тұрады. Алшын бүкіл Кіші жүздің ортақ атауы» [3].

Сонымен, «Қазақ шежіресі» атты мағынасы терең ғылыми мақала жазған Ш.Уәлихановтың еңбегі елеулі. Шоқан бұл деректерді өзі ғана жинап қоймай, сол кездегі қазақ ортасындағы көзі ашық, сауатты, қайраткер адамдарға да аманат етті. Кейін бұл мұралар Г.Потаниннің кітаптарында жарияланады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шежіресі — баспа бетін алғаш көрген қазақтың толық шежіресі

Шәкәрім Құдайбердіұлы — Абайдың мұрагерлерінің бірі. Ұлы ақын дүниеден қайтқан соң халық Шәкәрімді екінші Абайымыз деп танып, ерекше құрметтеген.

Шәкәрім өзінің өмірдегі негізгі мұрат-мақсатын айқындап, ашып айтып кеткен. Ақынның өмір бойы қаламы қолынан түспеген. Оны мынадай өлең жолдарынан айқын аңғаруға болады:

*Тыныштық жоқ, тыным жоқ,
Ойсыз менің күнім жоқ,
Қайғырамын қан жұтып.
Көзімді ілер түнім жоқ.
Ойлаумен күнді батырам,
Жазумен таңды атырам.
Тесіле қарап кітапқа,
Сілемді сүйтіп қатырам.*

Міне, осындай ортаның рухани бесігінде ой толғап, Абайдай кемеңгер ағасынан тәлім алып өскен.

Кезінде ұлы ақын Абай қазақ шежіресіне көңіл бөліп, «Қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» мақала жазады. Өзінің ізбасар інісі ақын Шәкәрім Құдайбердіұлына шежіре жазуды тапсырып, оған тікелей басшылық жасаған.

Сондықтан да Шәкәрімнің өз халқының шығу төркіні мен шежіре тарихын танысам деп ізденіп, барынша пікір айтуы — табиғи заңды құбылыс. Шәкәрім 19 жасынан бастап қазақ шежіресін жазуға кірісіп, Абайдың көзі тірісінде аяқтаған. Бұл еңбегі 1911 ж. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» деген атпен жеке кітап болып Орынборда басылып шықты [4].

1905–1906 жж. Шәкәрім қажылық сапар шегеді. Меккеге барған осы сапарын пайдаланып ақын өзінің байырғы арманын жүзеге асырады. Стамбул кітапханаларынан, кейбір жорамалдар бойынша, Париж кітапханаларынан да туған халқының тарихына сәуле түсіретін кітаптарды оқиды. Қолы жеткен деректер көзін орыс, Еуропа тілдеріндегі кітаптардан ұзақ жылдар бойы іздестіреді. Оларын шежіре жайлы айтылған қазақтың арғы-бергі аңыз әңгімелерімен салыстырады. Міне, осы аталған рухани қазына көздерінен жиған-тергендерін ой көзімен талдап, жүйелей келіп, қазақ шежіресін өлең түрімен «Қазақтың түп атасы — батыр Түрік» деп өрнектеген. Шәкәрім шежіресінің басты ой қазығы қазақтардың шығу тегі, нәсілі арабтардан емес, түп төркіні көне түркі әлемінде жатқанын ғылыми, дәлелді, нақтылы тарихи деректер ала отырып, Абай бағдар берген тарихи танымды одан әрі жалғастыруында жатыр. Шәкәрім шежіресі нақтылығымен, ғылыми негізінде жүйеленуімен, жалпы түркі елдерінің ата-тегінің түп төркінін қамти отырып, негізінен, қазақ халқының шежіресіне баса назар аударумен ерекшеленеді. Әлем тарихындағы халықтардан тек арабтарды тілге алмасақ, түркі, монғол халықтарынан басқаларда кездесе бермейтін бірегей рухани құбылысы өткендегі тарихи

санамыздың нақтылы көрінісі ретінде пайда болған шежіреде жатыр. Сондықтан да ата-баба мұрасы — шежіреге ғылым төрінен орын беріліп, ғылыми негізде зерттеліп, бағалануы орынды қойылып отыр.

Әрбір саналы азаматтың өзінің шығу тегі мен нәсілін, руын танып, тарата отырып, шежіре білуі көп жылдар бойы тұрпайы танымның санамызға құйылып келгеніндей ескіліктің қалдығы емес, керісінше, тарихи санамыздың із-түзсіз жоғалып кетпеуінің тамырындай тот баспайтын қастерлі белгісі. Өйткені кез келген қазақ жеті атасын айтып берсе, ешқандай төлқұжаттық дерек-мағлұматтарға сүйенбей-ақ, оның қай ел, қай жерден шыққанын таратып, жіліктеп айтса, саңылауы бар қазақ баласы деп саналады. Сонымен, атамыз Адам пайғамбардан бері қарай атадан балаға үзілмей жазылып келген шежіре көшпелі жұрттардың көпшілігінде бар.

Шәкәрім шежіресі — осынау көне салтты, кейініректегі Қадырғали Жалайыр, Әбілғазы-баһадүр хан дәстүрін жаңа заманда жаңаша жалғастырған құнды еңбек [5].

Шәкәрім шежіресінен үлгі-өнеге ала отырып, қазақ тарихына қажет үлкен шежіренің ізін сызуға болады. Ақынның өзі де шежіре деген қиын істің қияметі мол екенін ескертіп отыр:

*Бір Алла, бергеніңе сансыз шүкір!
Қалған жоқ зая болып қылған пікір.
Бітірдім түрік-қазақ шежіресін,
Болса да кемшілікті, қисық, бүкір.*

Ұлы Абай айтқандай, «адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес». Бұл өзінің ізбасар інісіне де, әсіресе оның «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресін» жаза бастағанда айтылған сөз секілді? Сонымен бірге Абай да өзінің «Ғақлияларының» үшінші сөзінде былай дейді: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғының «Қасым ханның қасқа жолын», Әз Тәуке ханның «Күлтөбенің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді; ондай кісі аз, яки тіпті жоқ».

Абай, Шәкәрімдер, тіпті бүкіл Абай айналасы хандар шежіресін едәуір толығырақ білген.

Мұхамеджан Тынышбаевтың қазақтың рулық-тайпалық құрамы туралы пікірлері

Кеңес кезеңінде жарық көріп, шежіре мәселесін арнайы қозғаған ғылыми зерттеулердің ішінде талай жыл бойы атын атауға тыйым салынып келген ардақты тұлғамыз Мұхамеджан Тынышбайұлының «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» («Материалы к истории киргиз-казахского народа») деген 1925 ж. Ташкентте басылған еңбегінің салмағы айрықша сүбелі.

Мұхамеджан Тынышбайұлы 1879 ж., яғни қоян жылы мамыр айының он екісінде, бұрынғы Жетісу облысы, Лепсі уезі, Мақаншы-Садыр болысына қарасты Жыланды тауының баурайында Садырдан тарайтын Тәуімбет Әлдекенің Тынышбайының шаңырағында өмірге келген.

1890 ж. тамыздың 14 жұлдызында Верный (Алматы) қаласындағы ер балалар оқитын гимназияның табалдырығын аттайды. Оқуға қабылданған зерделі жастың қабілеті мұғалімдер қауымын бірден баурап алады. Жанары ойға толы, сабырлы да салмақты қыр баласы оқу бағдарламасындағы пәндердің барлығынан тоқсан қорытындысы сайын өте жақсы деген бағамен үлгілі тәртібіне орай мұғалімдер кеңесі тарапынан үнемі алғыс алып, кластан класты І-дәрежелі мақтау қағазбен тамәмдап отырады. Гимназия қабырғасында жүргенде-ақ Мұхамеджан ғылымның сан саласына қатысып әдебиеттерді көз майын тауысып, құныға оқып, өзінің ізденімпаздығы, алғырлығымен білімін тереңдете түседі.

Гимназияны үздік бітірген дарынды жасқа Жетісу облыстық әскери губернатор кеңесінен қызмет ұсынылады. Бірақ білімін әлі де толықтырғысы келген Мұхамеджан бұл қызметтен бас тартып, империя астанасындағы І Александр атындағы жол-қатынасы инженерлерін дайындайтын институтқа барғысы келетінін мәлімдеді. Он жыл бойы үздік оқып, гимназия мақтаншы болған шәкіртінің хал-жайын адамгершілікпен сезіне білген гимназия директоры М.Вахрушев дереу Жетісу облысының әскери губернаторына: «...Қай жағынан алсақ та Мұхамеджан Тынышбаев тамаша шәкірт қана емес, нағыз талант иесі. Сондықтан да жоғары мәртебелім, сізден өтінерім, қолыңыздағы қаражаттан Тынышбаевқа стипендия бөлсеңіз. Мұндай қаражатсыз ол жоғары оқу орнынан білім алуға еш мүмкіндігі жоқ» деп өтініш түсіреді.

Ұстаз өтініші аяқсыз қалмайды. Облыстың земская стипендиясы тағайындалып, 1900 ж. 21 жасында өзі армандаған оқу орнына емтихандарын кілең бестік бағаға тапсырып, студент боп қабылданды.

1906 ж. институтты аяқтап, қазақтан тұңғыш рет темір жол инженері мамандығына ие болған Мұхамеджан орыс тілін жақсы меңгерумен қатар, француз, ағылшын тілдерінде де сөйлей алатын болған. Осыған орай ол бүкіл әлемнің классикалық әдебиетімен де таныс болды.

Оқуы аяқталысымен патша үкіметі құрған экспедициямен Қазақстанның оңтүстік аймағына келді. Мұндағы мақсаты оңтүстік Түркістан — Сібір темір жолын тарту үшін соның ең ыңғайлы және қолайлы жобасын белгілеу еді. Содан Бішкек қаласы мен Верныйға дейінгі жер ыңғайын, сондай-ақ осы екі аралықты түгел зерттеп шығады.

Ендігі жерде білімді азамат туған елінің саяси-әлеуметтік ісіне белсене араласады. Ол жергілікті халықтың қолдауымен 1907 ж. ІІ Думаға Жетісу өлкесінен депутат болып сайланады. Думадағы айтыс-тартыс оны шыңдай түседі. Бірақ көп кешікпей Дума таратылады. Мұхамеджан байырғы кәсіптік мамандығына ден қоя бастайды. Орта Азия теміржол құрылысында өзінің еңбек жолын бастайды. 1914 ж. Түркістан теміржол құрылысына бас инженер болып ауысады. Инженерлік қызметін істей жүріп, ел өмірін жіті зерттейді. Өзінің байқаған, ой қорытқан кейбір мәселелері жөнінде әр түрлі тақырыпты қамтып баспасөз бетінде мақалалар жазады.

1915 жылы «Қазақ» газетінде «Қазақ инженері» атты бүркеншік есіммен жарық көрген «Соғысушы патшалар әскері», «Сүнгүйр қайық», «Соғысушы патшалар қару-жарақтары» атты мақалалары қазақ оқырмандарына Бірінші дүниежүзілік соғыстың мән-жайын кеңінен түсіндірсе, «Барлыбек Сырттанов», «Садуақас Шалымбеков» секілді мақалалары халқымыздың аяулы ұлдары туралы деректік мәні зор еңбектер болып табылады.

Мұхамеджан Тынышбайұлының 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері кезіндегі сіңірген елеулі еңбектері өлшеусіз зор. Төңкеріс уағында өлкенің жағдайын жетік білетін жұрт алдында беделі зор, білімді М.Тынышбаев Жетісу облыстық уақытша өкіметі комиссарының орынбасары болып тағайындалды. Мұнда істеген қысқа мерзімде ол 1916 жылғы және одан кейінгі дүрбелеңдер жерінен зардап шеккен ел шаруашылығы мен халық ынтымағын қалпына келтіруге аянбай күш-жігер жұмсады.

1917 ж. қарашаның 27 жұлдызында Жатқан шаһарында Түркістан мұсылмандарының төртінші жалпы құрылтайы өтеді. Осы құрылтайдың шешімі бойынша Түркістан аймағы автономия деп жарияланып, оның бас министрлігіне Мұхамеджан сайланады. Көп ұзамай 1918 жылдың күзінде ол бұл қызметтен босап, Ташкент арқылы Ешкіөлмеске оралады. Әрқашан әлеумет жұмысына белсене араласатын М.Тынышбайұлы келе Алаш қозғалысына араласып, 1919 ж. оның белді басшыларының бірі болды.

Бұл кезде қазақ даласы қаша соғысқан ақ гвардияшылармен, қуа соғысқан қызылдардың соғыс алаңына айналады. Ел басына күн туып, ерге сын болған осы ауыр кезеңде халықты қанды қырғын, есепсіз мол шығыннан аман сақтап қалуға қам жасап қызыл Армияның әскери штаб басшыларымен тиімді келіссөздер жүргізуге қадам жасады.

Алашорда таратылып, Кеңес өкіметі тарапынан кешірім жасалғаннан кейін де М.Тынышбаев өз халқына, жаңа заманға адал ниет, шын пейілмен қызмет етті. Әуелі 1921–1922 жж. Түркістан өлкелік жер-су министрлігінде су шаруашылығының бастығы болып істеді. Ол 1923 ж. Шымкент қалалық су шаруашылығын басқарды. Түркістан каналының жобасын жасауға қатысты.

1924 ж. Ташкентке қазақ педагогикалық институтына шақырылған Мұхамеджан алгебра, геометрия, физика пәндерінен студенттерге дәріс оқиды. Бір жолы Мұхамеджанның қолына А.П.Чулошниковтың қазақ халқы тарихына қатысты еңбегі түседі. Көкірегі көмбе, білімпаз жан осы кітаптағы ұлтының намысына тиетін пікірлерге қарсы сын жазып, академик В.В.Бартольдке жібереді. Ғұлама ғалым бұған қатты риза болып, қазақ халқының тарихын жазуға кеңес береді; ең болмаса болашақ зерттеушілер үшін тарихи деректер мен материалдарды жазып қалдыруға ақыл қосады [6].

М.Тынышбайұлының «Материалы к истории киргиз-казахского народа», «Киргиз-казахи в XVII и XVIII веках», «Ақтабан шұбырынды» секілді ғылыми еңбектері, ондаған мақалалары осындай талпыныстан туған еді [7, 8].

Тікелей мамандығы Петербор институтын бітірген темір жол инженері бола тұра, қазақ тарихына қатысты тамаша ғылыми зерттеулер қалдырып кеткен М.Тынышбайұлы (1879–1937) орысша жазған бұл еңбегінде қазақ шежіресі, қазақтардың қайдан шыққаны және Қазақ хандығының

құрылуы, қазақтардың 1917 жылға дейінгі саны туралы майын тамыза әңгімелеп, ғылыми қисынының мықтылығымен, арғы-бергі тарихты терең зерделеумен тәнті етеді.

Қазақ бағзы замандардан байтақ даламызда, алып аймағымызда қоныстанған этникалық тарихы аса күрделі, байырғы тайпалық бірлестіктер қауымдасуының: сонау Сак, Ғұн, Үйсін мемлекеттері, Түрік, Түркеш, Қарлық қоғамдықтары, Қыпшақ ұлысы, кейінгі Алтын, Ақ, Ноғай ордаларының құрамына кірген түркі тілдес елдер мен жұрттардың топтасқан одағының ортақ атауы. Тынышбайұлы еңбегінде де қазақ рулары дәл осы ыңғаймен келіп тарқатылады.

Алайда ардақты тұлғамыз жап-жақсы бастап кеткен бұл іс әрі қарай жалғасын таппай қалды. Жиырмасыншы жылдардан соң басталған секемшіл саясатымыз бұл саланы тіпті ойсыратып кетті. Сөз таниды дейтін көзі қарақты адамдар қуғын-сүргінге ұшырады, жойқын ашаршылықтың құрбаны болды. Бұдан кейін де талай жылдарға созылған халықтың көне тарихына, әйгілі адамдарына деген салқын көзқарас шежіре жайын одан ары тұралатты. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» кеткен аласапыран кезеңдерде қазақ шежіресіне қатысты зерттеулерге ұзақ уақыт тұмылдырық салынды.

Алаш қайраткерлерінің қазақ шежіресін зерттеуге қосқан үлестері

Тарих пен демографияға ерекше мән берген Алаш партиясының негізін қалаушы, Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейхан Қарқаралы және Адай уездерін мекендеген рулардың шежіресін схемаға түсіріп, алғаш рет дәлді генеалогиялық карта жасады.

Әлекең «Родовые схемы киргиз Каркаралинского уезда» атты еңбегінде [9] Орта жүздің, Ұлы жүздің және Кіші жүздің рулары мен айпаларының шежіре кестесін таратып жазған. Сонымен қатар ол жүзге кірмейтін рулардың да шежіресін ұсынған. Әсіресе оның Орта жүзге қатысты кестелері өте құнды болып табылады.

Қазақ қоғамының рухани болмысын дәл және терең бейнелеген Ахмет Байтұрсынов өзінің атақты «Әдебиет танытқышында» шежіре туралы терең де, жан-жақты ғылыми пікір білдірген.

А.Байтұрсыновты аталған еңбегінде шежірелерге қазақ халқының өзіне тән ұлттық дерек ретінде арнайы тоқтала келе: «Шежіре — өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі» деп, шежіренің бәрінен бұрын тарихи дерек көзі екендігін айтады [10; 398].

Одан әрі ол: «Шежіреде уақиғадан гөрі өткендердің түс, туысы көп айтылады. Сондықтан шежіре уақиға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айтылатын әуезе тобына жатады. Шежіре болған уақиға жайынан сөйлесе себебін, мәнісін айтпай тек болғанын айтады да қояды» деп [10; 398], шежіренің пайда болуын, тарихи дерек көзі ретіндегі ерекшелігін айтады. Сонымен қатар ол шежіреде: «Ер шапқан мен қатын-бала шапқан әңгімесі қатар тұрады; бір жерде әңгімені қойыптып, маңызды түрде айтса, екінші жерде сұйылтып, ұсақ-түйекті сөз қылады. Бір жерінде рас болған уақиғаны сөйлесе, екінші жерінде тек жұрт аузындағы әуезе болған өтірік-шынды әңгімелерді сөйлеп кетеді», — деп, шежірені ғылыми сыннан өткізіп, ондағы «рас болған уақиға» мен «өтірік-шыны араласқан» жерлерін ажыратудың қажеттігін де ескертеді [10; 398].

Ә.Бөкейханов Адайлардың (Кіші жүзге жататын ру) өмір тіршілігін зерттей келе, мұнда рулық ауыл, рулық қауымдастық, барлығы бірге көшеді, су, мал жайылымын қауымдасып пайдаланды, жайылым жерлері, құдықтар бүкіл рудың қауымдық меншігінде деп жазады.

Ал А.Байтұрсынов өзінің бір мақаласында қазақтар тапқа бөлінбейді, олар ру-ру болып өмір сүреді деген ой айтқаны белгілі. Алаш партиясының бағдарламасында жерді жеке-жеке емес, ру-ру болып пайдалану туралы айтылады. Алаш қайраткерлері қазақ қоғамын рулық сипатта деп нақты анықтамағанымен қазақтың рулық қоғамының негізгі ерекшеліктерін атап көрсеткенін байқаймыз.

Көпеевтің Орта жүздің белді тайпаларының бірі Арғын шежіресін кеңінен таратуы

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «Қазақ шежіресі» атты туындысын [11] көп жыл бойы халық арасынан, ел аузынан інжу-маржандай жиып-теріп қағаз бетіне түсірген.

Бір қызығы, Мәшһүр-Жүсіп шежірені жадағай атаны тарату деп түсінбей, онда сол рудағы немесе сол елдегі батырға байланысты, ақынға қатысты, балуан жайлы, күйші туралы аңыз-әңгіме, жыр, күй, тақпақ болса, соны қалдырмай жазған. Әсіресе, жастарға үлгі-өнеге боларлық-ау деген дүниені тұтас қамтып, өзінше сипаттама беріп, дәлелді ойымен түйіндеп, таратып, айтып отырыпты.

М.Ж.Көпейұлы шежірені өлең түрінде де жазған. Ғұламаның «Шежіре өлең» атты тамаша шығармасын [12] оқып көрелік:

Қолыма: «Бисмилла!» — деп, алдым қалам,
Екінші — Мейрам атаң, Арғын — бабаң.
Келеді үшіншіде Қарақожа,
Төртінші — Ақжол батыр, білсең тамам.
Бесінші атаң — Құтан бай, аты шыққан,
Алтыншы — Қаракелімбет: дәулет жұққан.
Жетінші атаң — Жанарыс — Орта жүздің,
Сегізінші — Қарақпар еркін ұтқан.
Тоғызыншы — Айырқалпақ, білсең атын,
Оныншы атаң — Сапиян — арғы затың.
Он бірінші — Майқы — деп және айтады,
Он екінші — Жабалхан, жетсе датың.
Он үшінші атаңнан аты — Алаш,
Он төртінші — Аламан, оған жалғас!
Он бесінші — Айбура (Аққора) деп естиміз,
Он алтыншы Сейіл ғой, етпе талас.
Атаңның он жетінші Мағаз заты
Он сегізінші — Жабалдан — туған заты.
Он тоғызыншы — Әнестің дәл өзі екен,
«Мәлік» деп жиырмасыншы жазған хаты.

...Төрт арыс — Орта жүздің шын баласы,
Арқаның толған елге сары даласы.
Қарақожа бабамнан Арғын туып,
Дәулетке сондай толған айналасы.
Онан соң Мейрам сопы бабам өткен,
Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік пен.
Бес бала Мейрам сопыдан туған екен,
Қаракесек — анасы басқа тектен.
...Баласы Қуандықтың алтау болған,
Тінәлі, Темен (Темеш), Алтай туған.
«Арғын болсаң, Алтай бол!» — деген сөз бар,
Енеден: Борыш (Бөриі), Қарнық — бөлек туған.
Келемін Сүйіндіктен бір-бір санап,
Мәжік пен өткен бабам, ол — Шуманақ.
Сұғыншы, Оразкелді — бұл төртеуі
Жаратқан Құлболдыны Құдай қалап.
Жанболды Құлболдыны көп ренжіткен,
Жасы үлкен ағасы екен бұрын жеткен.
«Жанболдыға жар кешу береді!» — деп,
Лағып (ылағып) ақбоз атпен суға кеткен.
Тақ болып жеке туған Қаржас еді,
Ақсүйек, алтын сандық алмас еді.
Бақ қарап, қыдыр дарып, дуа қонған,
Бабаңның Оразкелді баласы еді.
Төлебай Сүйіндікте болып өткен,
Шобалай мал мен басқа толып өткен.
Қаржаста: Мырзағұлға дәулет қонып,
Екі иінін Есен тентек жұлып өткен.
Қаржастан үш ұл туған, бірі — Бегім,
Төрті (төресі) бар ма түгел көргендердің?
Шашылған Мәмбетәлі тұрсын былай,
Баласын түгендейін Құлықенің.

Үлкені Құлыкенің Үйімбай ма,
 Болмаған бекер адам бұ да жайға.
 Қасиетін атасының бізге бермес,
 Тастайық: Өтен, Баян, Жаулыбайға!
 Бабамыз мұнан соңғы — тентек Телі!
 Тартқызған байлықпенен атпен желі.
 Мұнан туған Әлімбет, Анай бабам,
 Қаржастың дуа қонған асқар белі.
 Құлыкенің бір немересі жасында өткен,
 Қатыны сөзге ілінді жесірлікпен.
 Некесіз, даулы туған Талас еді,
 Айтады: «Анаймыз!» — деп, не себептен?!
 Анайдан бесеу туды, ел көбейіп,
 Бақ қонды Мырзағұлға шырай қонып,
 Үлкені Нияз — «Шөмек» — ат байлаған,
 Не қылам, айтып оны кінә қойып?!
 Құдайқұл мен біреуі Қолбай еді,
 «Қойдай қоңыр» жуастығы сондай еді.
 Бақ қарап, әрқайсысы мыңды айдады,
 Ежелден көтерілген талай еді.
 Жәдігер — төртеуінің ең кенжесі,
 Бұлардан кем болған жоқ несібесі.
 Ерлікпен бұ жалғаннан беті қайтпай,
 Әркімге тиген екен көлеңкесі.
 Құлболды тақсыр бабам әулие өткен,
 Айбол, Күлік, Тұлпар — бұдан біткен.
 Төрт ұлы: Қаракесек күннен туып,
 Қозған, Қақсал — Бегендік, Шегендік пен.
 ...Күліктің ең үлкені — Тілеуімбет,
 Қайратты, қайсар екен, қайтпаған бет.
 Бір өзінен он алты ұл туып, өсіп,
 Соғысып көп қалмақпен болыпты мерт.
 Он алты ұлдың он төртін қалмақ алған,
 Мен айтпаймын өтірік сөзді жалған.
 Бесім, Қойтан — екеуі қалып тірі,
 Мінеки, біз солардан нәсіл қалған.
 Ақжгіт — дәл Бесімнің өз баласы,
 Толықсып бірдей өскен мал мен басы
 Санжасар, Мыңжасар мен Жүзжасардың
 Туысқан Көпей, Мағрұп ұяласы.
 Дүниеден кім қалады кетпей көшіп,
 Ойлаймысың уақытты жүрген тосып?!
 Солардың біз бір қалған жұрағаты,
 Көпеев — фамилиясы, Мәшһүр-Жүсіп.

М.Ж.Көпейұлының бұл еңбегі 1903 ж. жарық көрген. Аса зерделі жанның осы асыл қасиетін терең сезінген Мұхтар Әуезов: «...Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы тарихнама бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт», — деп жазған екен.

Мұстафа Шоқайдың «Қазақ рулары хақында» атты құнды еңбегі

Алаш арыстарының бірі М.Шоқай «Қазақ рулары хақында» атты мақаласында [13] З.Уәлидидің Үш жүздің рулары туралы жазылған пікіріне сын көзбен қарап, ондағы адасушылықтар мен бұрмалаушылықтарды талдап жазады. Онда былай делінген: «Айтайын дегендерім, Заки бектің қазақ рулары жөнінде жазғандарына байланысты. Заки бек бұл салаға келгенде өз пікірін айтар,

казактардың рулық құрылымы туралы тым аз білетін орыс зерттеушілерімен этнографтарының ағаттықтары мен қателіктерін қайталаудан сақтанар деп ойлауға болатын еді. Орыс этнографтарының осы мәселеге қатысты жазғандарымен біршама таныстығым бар. Сол үшін де өзім байқаған мына бір мәселені батыл айта аламын. Олардың бәрі де — Радлов, Крафт, Аристов және басқалары да — казактардың рулық құрылымына келгенде ағаттық жіберген. Ғылымға жат қателіктер өткізген.

Мысалға, Заки бектің Орта жүзді руларға, қыпшақтарды арыстарға бөлуін алайын. Заки бек казактар арасында қатаң сақталатын рет тәртібін бұзып, Орта жүзді былайша таратады: Керей, Найман, Арғын, Қыпшақ, Қоңырат. Дұрысы: Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей.

Осы ретпен атау казактар арасында қатаң сақталып келеді. Ерте кезде осы рет тәртіптің бұзылуынан жанжалдарға апарып соққан жәйттер де болған. Кеңес үкіметінің ықпалы әлі де әлсіз болып отырған жерлерде Арғын — аға, Қыпшақ — жаға, Найман — жең, Қоңырат — етек деп атау жалғасып келеді.

Бала кезімде Орта жүздегі жер дауына байланысты мынадай бір өленді естігенім әлі есімде:

*Тарақты ноқта ағасы Арғын ағаң,
Найман жеңің болғанда, Қыпшақ — жағаң.
Айнала түп етегі жазған Қоңырат,
Сөз сөйле шалқақтамай біліп шамаң.*

Бұл үзіндіден байқап отырғанымыздай, М.Шоқай казак тарихын, оның ішінде рулар мен тайпалардың тарихын жазуда басқа халық өкілдерінің еңбектерін аса сақтықпен, саралай, салыстыра отырып пайдалану керектігін айтады. Яғни, казак тарихын казактың өзінен шыққан азаматтарынан басқалары артық жаза алуы мүмкін емес. Өйткені кез келген елдің тарихын жазу үшін, ең алдымен сол елдің тілін, салт-дәстүрін, тарихын, өзіне тән ерекшеліктерін білу керек. Сонымен қатар М.Шоқай З.Уәлидидің ағаттықтарын, қателіктерін қатал сынап отырып, тайпалардың аталу реттілігіне баса мән берілгендігін жазады. Автордың өзі шыққан қыпшақ тайпасын өзіне дейін таратуы қайраткер еңбегінің құндылығын арттыра түседі. М.Шоқай Орта жүзге кіретін тайпаларды дұрыс, ретімен атап көрсеткенімен, уақ тайпасын жазбаған [14].

Бұл жерде айта кететін жайт, Ш.Уәлиханов пен М.Шоқайдан басқасының (жоғарыда аталған казак зиялыларының) еңбектері казак шежіресіне, оның ішінде Орта жүз ру-тайпаларына қатысты материалдар көптігімен және Орта жүз тайпаларының арнайы жазылуымен ерекшеленеді.

Сөз соңы

Қазақтардың этникалық құрамын казак зиялыларының зерттеу еңбектерінің негізінде қарастыра келе төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

- Қазақ шежірелері 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі шыққан мерзімді басылымдарда жарияланып отырған. Мысалы, «Қазақ» газетінің 1913 жылы № 34 санында шыққан Арысұлының «Абақ Керей» атауының қалай пайда болғаны жайлы жазған мақаласы, «Айқап» журналында 1912 жылы № 11 санында жарық көрген Қашқынбаев Досмайылдың «Қазақ халқының тарихы және шежіресін сұраушыларға» атты мақаласы казактың түп атасы қайдан шыққандығы жайлы баяндайды. Қарасарт баласы Шардайдың «Қазаққа алалық қайдан келді?» атты мақаласы «Айқап» журналының 1913 жылғы № 20 санында басылған. Бұл мақалада II Екатеринаның казак халқын қалай бұғауда ұстау туралы шығарған заңы, Кіші жүз үш ата баласы (Алты аталы Әлімұлы, Он екі аталы Байұлы, Жеті аталы Жетіру) арасындағы алауыздық туралы айтылған. «Шора» журналының 1908, 1909, 1911 жж. шыққан сандарының алғашқы беттерін хандар тарихына арнаған. Онда Шыңғыс ханнан бастап Бату хан, Жошы хан, Қасым хан, Өзбек хан, Жәнібек хан, Тоқтамыс хан, тағы басқа хандар туралы деректер топтамасы жарық көрген.
- Жоғарыда талданған барлық еңбектердің маңызы зор. Өйткені зерттеушілердің басым көпшілігі казактың әр тайпасынан шығып, шежірені өздеріне дейін таратып жеткізуімен ерекшеленеді.
- Біз қарастырып отырған кезеңдегі казак зиялыларының ішінде казак тарихын, оның ішінде казак тайпаларының шығуын ежелгі дәуірлерден бері қарай зерттеп, казактың шежіресін толық жазуға тырысқан, өзіндік ғылыми тұжырымдары мен болжамдарын жасаған Ш.Құдайбердіұлы мен М.Тынышбаев болып табылады.

- Негізінен барлық зерттеушілер Орта жүздің тайпаларын дұрыс атап көрсеткенімен, Ш.Уәлиханов уақ пен керейді Орта жүзге кейіннен қосылған тайпалар десе, ал М.Шоқай уақты жазбаған.
- Қазақ зиялыларының көпшілігі Орта жүздің құрамын дұрыс көрсеткенімен, тек М.Шоқай ғана олардың белгілі бір тәртіппен берілуін жазып, оның өте маңызы бар екендігін айтады.
- Қазақ халқының тарихын толықтай зерттеп, білу үшін, алдымен, рулар мен тайпалардың тарихын қазақтың өз ішінен шыққан зиялы азаматтардың зерттеуі өте маңызды. Өйткені орыс саяхатшылары мен шенеуніктерінің қазақтардан естіген, көрген, әдейі бұрмалап көрсеткен мәліметтерінің негізінде жазылған зерттеулерден гөрі, әрбір қазақ отбасының ежелден келе жатқан әдет-ғұрпы бойынша, жастайынан өздерінің ата-бабасының, яғни руларының, тарихын білетін қазақ зиялыларының еңбектерінің деңгейі жоғары. Сондықтан да тарихымыз бұрмаланып, қате жазылмауы үшін, бүгінгі, ертеңгі ұрпағымыз елін, жерін, қазақ жерінің тұтастығын сақтап, аман қалуы үшін руымыз бен тегімізді білуге, зерттеуге барынша атсалысуымыз керек.

Сөз соңында айтарымыз, келешекте жазылар көптомды іргелі «Қазақ тарихының» басты деректік негіздерінің бірін шежіре құрау керек. Өйткені шежіре, сөздің тікелей мағынасында, қазақ тарихының тұнып тұрған дерек көзі. Белгілі ғалым, шежіреші Ақселеу Сейдімбектің сөзімен айтар болсақ: «Қазақ шежіресін (шежірешілдігін) халық болмысының барлық қырын алуан түрлі үлгіде паш ететін тарихи ақпарат қоймасы деуге болады» [15]. Әрине, ондай ақпарат қоймасынсыз, яғни шежірелік деректерсіз, толыққанды қазақ тарихының жазылуы мүмкін емес екендігі түсінікті. Оны өмір толығымен дәлелдеп берді де. Сондықтан да шежірені қазақ тарихының дерек көзі ретінде бағалап, шежірелік деректерді ғылыми айналымға молынан тарту, шынайы қазақ тарихының жазылуының басты шарттарының бірі ретінде қарастырылуы керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Ермұханов Б.* Қазақтың тұңғыш шежірешісі // Ақиқат. — 2008. — № 11. — 71–77-б.
- 2 *Марғұлан Ә.* Шежіре, қазақ шежіресі // Қазақ Совет Энциклопедиясы. — 12-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1978. — 232, 233-б.
- 3 *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. — Алматы: Жазушы, 1985. — 10, 11-б.
- 4 *Шәкәрім Қажы.* Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі // Жұлдыз. — 1991. — № 1. — 68–105-б.
- 5 *Архарбаева М.* Шәкәрімнің шежіресі және тарихи шындыққа үйлесімдігі // Қазақ тарихы. — 2013. — № 2 (119). — 58-б.
- 6 *Аллаберген Қ.* Ағысқа қарсы жүзген Алаш арысы // Қазақ. — 2013. — 6–13 қырк. — № 36–37 (656–657) — 6-б.
- 7 *Тынышпаев М.* Великие бедствия... (актабан-Шубырынды). — Алматы: Жалын, 1991. — 152 с.
- 8 *Тынышпаев М.* История казахского народа. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1993. — 224 с.
- 9 *Бөкейхан Ә.* Таңдамалы. Избранное. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 1995. — 89–119-б.
- 10 *Байтұрсынов А.* Ақ жол. — Алматы: Жалын, 1991. — 464 б.
- 11 *Көпейұлы М.Ж.* Қазақ шежіресі. — Алматы: Жалын, 1993. — 76 б.
- 12 *Көпейұлы М.Ж.* Ит дүние. Таңдамалылары. — Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. — 96–99-б.
- 13 *Шоқай М.* Таңдамалы. Бірінші том. — Алматы: Қайнар, 1998. — 301–305-б.
- 14 *Атабаев Қ.* Қазақ тарихы және шежіретану // Қазақ тарихы. — 2011. — № 5 (110). — 13–15-б.
- 15 *Сейдімбек А.* Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. — Астана: Фолиант, 2008. — 13-б.

Р.С.Каренов

Научные исследования выдающихся отечественных просветителей, посвященные изучению родословной казахов

Обосновывается значимость изучения родословной (шежіре) казахов на современном этапе исторического развития нашего государства. Описывается вклад выдающихся казахских просветителей, живших в XIX столетии и первой половине XX века, по составлению и научному обоснованию родословной (шежіре) казахов всех трех жузов (орд). Делается обзор наиболее важных их работ по изучению родословной казахских племен и родов. Выделяется исключительная актуальность этих исследований для становления и формирования отечественной истории. Делается вывод о важности анализа и систематизации научных трудов видных ученых и просветителей для развития казахской историографии в будущем.

Research of outstanding national educators devoted to the study of the genealogy of the Kazakhs

This article explains the significance of studying lineage (shezhire) of the Kazakhs at the present stage of the historical development of our state. It describes the contribution of prominent Kazakh enlighteners, who lived in the XIX century and the first half of the twentieth century, on the preparation and the scientific substantiation lineage (shezhire) of the Kazakhs of all three zhuzes (OSA). In this article provides an overview of the most important works for the study of political pedigree Kazakh tribes and clans, provided exceptional relevance of these studies for the development and formation of national history. The conclusion about the importance of analysis and systematization of scientific papers of prominent scientists and educators. Development of the Kazakh historiography in the future.

References

- 1 Ermukhanov B. *Akikat*, 2008, 11, p. 71–77.
- 2 Margulan A. *Kazakh Soviet encyclopedia*, 12 / Edit. chief M.K.Karataev, Almaty: Chief editorial Board of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1978, p. 231, 232.
- 3 Ualikhanov Sh. *Favorite*, Almaty: Zhazushy, 1985, p. 10, 11.
- 4 Shakarim Kazhy. *Zhuldyz*, 1991, 1, p. 68–105.
- 5 Arharbaeva M. *History of the Kazakhs*, 2013, 2 (119), p. 58.
- 6 Allabergen K. *Kazakh*, 2013, September, 6–13, 36–37 (656–657), p. 6.
- 7 Tynyshpayev M. *Great plagues... (Aktaban — Soverinty)*, Almaty: Zhalyn, 1991, p. 152.
- 8 Tynyshpayev M. *The history of the Kazakh people*, Almaty: Kazakh universities publ., 1993, p. 224.
- 9 Bukeykhan A. *Favorites*, Almaty: Home edition «Kazakh encyclopedia», 1995, 89–119 p.
- 10 Baitursynov A. *Light way*, Almaty: Zhalyn, 1991, 464 p.
- 11 Kopeyuly M.Zh. *Genealogy of the Kazakhs*, Almaty: Zhalyn, 1993, p. 76.
- 12 Kopeyuly M.Zh. *Heavy share. Favorites*, Almaty: Mezhdunarodnyi Abaiskiy klub, 2008, 96–99 p.
- 13 Shokai M. *Favorites. The first volume*, Almaty: Kaynar, 1998, 301–305 p.
- 14 Atabayev K. *History of the Kazakhs*, 2011, 5 (110), 13–15 p.
- 15 Seidimbek A. *Oral history of the Kazakhs: Research*, Astana: Foliant, 2008, p. 13.